

**Мұғалімнің  
күзiреттiлiгi – нәтижелi  
бiлiм берудiң негiзi**

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі-оның  
жан-жақты білімінен, ұстаздық  
шеберлігімен, оқытудың жаңа  
әдістерін меңгерумен өлшенеді.  
Мұғалім қаншалықты білімді,  
шығармашыл болса, оның  
құзыреттілік аясы да соғұрлым кең  
болмақ

«Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым.

Құзыреттілік-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді.

Қызметті жаңа жағдайға  
бейімдеудегі, басқару шешімін  
қабылдаудағы дайындығы.

Практикалық кәсіби тапсырмаларды  
орындаудағы дайындық әлеуеті  
Нақты жағдайларға байланысты  
қандай да бір әдістерді пайдалану  
біліктілігі.

Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

«Құзыреттілік – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйіндейді белгілі оқымысты Т. Г. Браже.

Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет

Шығармашылық әлеуеті  
дамыған мұғалім өз кәсібін жете  
меңгеріп қана қоймай, өзін-өзі  
жан-жақты дамытуға қол  
жеткізеді. Нәтижесінде мұғалім  
кәсіби құзіреттілікке қол  
жеткізеді. Мұғалімнің кәсіби  
құзіреттілі-бүгінгі ғасыр  
талабына сай белгілі бір  
нәтижеге бағытталған білім  
берудің негізі болмақ.

Бүгінгі заман талабы - жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан «тұлға» тәрбиелеу. өзіндік бағалауға, талдауға логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге жалпы алғанда жеке адамның құзіреттіліктері қалыптасуы қажет.

Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді – кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалім ғана жүзеге асырмақ



# **Кәсіби құзіреттілігіне қойылатын талаптар:**

- **Қазіргі білім беру технологияларын пайдалана отырып, жаңа білімді ала білу;**
- **Ғылыми негізде өз еңбегін ұйымдастыра білу;**
- **Өзінің кәсіби қызметі шеңберінде қолданылатын ақпараттарды өңдеу және сақтау, жинаудың компьютерлік өдістерін меңгеру;**
- **Өз болашақ мамандығының әлеуметтік мәнін, өз қызметінің нақты саласын анықтайтын пәндердің мәселелерін түсіну және олардың өзара байланысын білімнің біртұтас жүйесінде көру;**
- **Кәсіби саладағы жобалық жұмысқа бейім әр түрлі құбылыстарды болжауға арналған үлгілерді құрастырып, оларды іске асыра білу;**
- **Кәсіби функцияларды жүзеге асырумен байланысты мақсаттар қойып, есептер құрастыра алу, оларды шешуге оқыған пәндерінің әдіс- тәсілдерін қолдана білу;**

## Қорытынды:

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін өз бойында қалыптастыру, оны дамыта білу әрбір мұғалімнің өз қолында.